

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

Инновациялық қызметтің нәтижелі болу үшін оның бағыты мен стратегиясын дұрыс таңдау қажет.

Әдебиеттер

1 Шумпетер Й. Теория экономического развития. Капитализм, социализм, демократия. - М.: Эксмо, 2007.

2 Инновационная активность как фактор развития конкурентоспособности туристских предприятий [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://articlekz.com/article/9122>.

3 Новиков В.С. Инновации в туризме: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В.С. Новиков. — М.: Издательский центр «Академия», 2007.-208 с.

4 Инновационное развитие индустрии туризма РК. [Устойчивое развитие и «зеленая экономика» в Республике Казахстан: состояние и перспективы](http://group-global.org/ru/publication/7914-innovacionnoe-razvitie-industrii-turizma-rk). Автор Бабланов Т.К // <http://group-global.org/ru/publication/7914-innovacionnoe-razvitie-industrii-turizma-rk>.

5 Местні Л. Зміна орієнтирів міжнародного туризму / Стан світу 2002. – К.: Інтелсфера, 2002. – С. 110-134.

ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Отарбай А.Ф.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант
Астана қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: aydokka.com@mail.ru

Ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор Сұрағанова С.Қ.

Медициналық туризм – бұл емделудің немесе қалпына келтірудің, оңалтудың барлық түрлері мен диагностикадан өту мақсатында шетелге ұйымдастырылған сапар. Медициналық туризм жыл сайын әлемнің барлық мемлекеттерінен бірнеше мыңдаған адамды тартады. Халықаралық медициналық орталықтардың ашықтық қағидасы кез келген ауруды емдеу үшін біліктілік деңгейі жоғары тәжірибелі мамандардың көмектерін алуға мүмкіндік береді.

Медициналық туризм танымалдылығының артуы жыл сайын жалғасып табууда. Бұл беталыс түрлі себептер қатарымен қамтамасыз етіледі: медициналық қызмет көрсету бағасының айырмашылығы, мамандандудың өзгешелігі (тексеру мен емдеу әдістері, сонымен қатар, бір елде медициналық тәжірибе айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін), уақыт (жедел жоспардан тыс операцияларды өткізу), пациент еліндегі медициналық үдерістермен байланысты заңды және этикалық мәселелер.

Медициналық туризмнің міндеті – кез келген мемлекеттегі әрбір пациентке әлемнің кез келген нүктесінде сапалы заманауи емдеуден өтуіне мүмкіндік беру. Медициналық туризм саласында күрделі ауруларды емдеуде

тәжірибелері, білікті дәрігерлер мен мыңдаған сирек кездесетін операцияларды сәтті жасаушы хирургтары бар ең үздік клиникалар жұмыс жасайды.

Бүгін жиһангерлік медициналық туризм саласында өтіп жатқан үдерістерді талдай отырып, медициналық қызметтер нарығының қарқынды өсуі оның басты беталысы екенің ерекшелеу керек. Стратегиялық басқарумен байланысты мәселелерді шешуге маманданған, McKinsey Company, дүниежүзілік консалтингтік компаниясының мәліметтері бойынша, бейрезиденттерге ұсынылған әлемдік жалпы медициналық қызмет көлемі 2004 жылы 40 млрд.доллардан 2014 жылы 120 млрд.долларға дейін артқан. Медициналық туризмге қатысты тартымды елдер қатары күннен күнге артуда. Қазіргі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде 72 мыңға жуық спа-курорттар саналуда [1].

Медициналық туризм жаһандық масштабтарды иеленуде. Шет елде емделуді жөн көретін пациенттер дәулетті немесе ауқатсыз болуы, табыс деңгейі әртүрлі елдерде өмір сүруі мүмкін. Африка, Азия, Еуропа, Таяу Шығыс және Солтүстік Америка елдерінің азаматтары басқа континенттер мен көрші елдерде тиімді емделу нұсқаларын іздеп табуда. Мысалы, еуропалықтарда Азияның (39%), Солтүстік Американың (33%) және Таяу Шығыстың (13%) спа-курорттары мен медициналық орталықтары кең танымалдылыққа ие. Американдықтардың 45% емделуге Азия елдеріне саяхаттайды. Латын Америка тұрғындарының көбісі (87%) АҚШ, Канада және Мексиканы артық көреді. Медициналық туризмнің шекарасы жоқ деуге болады [2].

Соңғы жылдары Малайзиядағы медициналық туристік сала елеулі өсуді басынан өткізді. Бейрезидент-пациенттер саны соңғы бес жылда 4 есе артты. Пластикалық операциялар мен стоматологиялық шараларды өтуге Коста-Рикаға соңғы жылда 150 мың адам келген. 2014 жылы бейрезиденттерге медициналық қызмет көрсетуден Үндістанның табысы 2,2 млрд АҚШ долларды құрады. Ресми мәліметтерге сәйкес, пластикалық хирургия мақсатында жыл сайын 250 мыңнан жоғары адам Сингапурға келеді. Олардың көбі – Таяу Шығыс тұрғындары. Тұтынушылар үшін күресте мемлекеттер түрлі амалдарға барады. Үндістан қызметтер үшін ең төмен бағаларды ұсынады, Куба дербестендірілген қызмет көрсетуге негізделеді, Канада өзінің медициналық тексеру жүйесін және жоғары технологиялық қызмет көрсету қорын бөледі [3].

ТМД елдерінде де медициналық туризм белсенді даму үстінде. Шет елге емделуге Еуропа және АҚШ елдеріне саяхаттау жай іске айналды. Пациенттерді үздік медициналық орталықтардағы заманауи жоғары технологиялық жабдықтар, персоналдың жоғары деңгейдегі біліктілігі, реабилитациялық күтім мен инфрақұрылым қызықтырады. ТМД елдерінің ішінен ең жоғары деңгейдегі медицинаны Ресейдің алдыңғы қатарлы медициналық орталықтарынан табуға болады деп санау қабылданған. Сондықтан да, жиі таяу шетел тұрғындары өздерінің таңдауын ірі мемлекеттік және жеке меншік ресейлік орталықтарға тоқтатады. Ресей мен ТМД елдерінің азаматтары үшін әдетте әйгілі медициналық туризм бағыттары ретінде Германия мен Израиль болып саналады.

Израиль ұзақ уақыт бойы медициналық зерттеулер мен жоғары технологиялық жабдықтар саласында дүниежүзілік көшбасшы болуда.

Мемлекет денсаулық сақтаудың жоғары стандарттарын қолдауда, олар өз азаматтарына ғана емес, сонымен қатар, басқа ел тұрғындары үшін де қол жетімді. Бұл Израильде медициналық туризмнің пайда болуына әкелді.

2014 жылы 1,5 млн американдықтар Израильге емделу мақсатымен сапар шекті. Израильдің бүкіл ауруханаларында қазіргі таңда орыс тілін меңгерген білікті дәрігерлер мен мамандары бар туристік медициналық орталықтар қызмет атқарады. Ауруханаларда кеңес алуға және денсаулық сақтаудың барлық салалары бойынша ем қабылдауға болады: ортопедия, онкология, кардиология, урология, пластикалық хирургия және жарақаттардан кейінгі реабилитация, сонымен қатар, семізділік пен бедеулікті емдеу [4].

Ұзақ уақыт бойы неміс ауруханалары Еуропадаға медициналық және сауықтыру туризмінің басты орталығы болып қалуда. Неміс заңнамасына сәйкес, медициналық орталықтар мемлекет бақылауымен эпидемиялық қадағалау тексерісінен өтуі қажет. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша, Германияда 100 мың тұрғынға орта есеппен 368 дәрігер жұмыс істейді, яғни АҚШ және Канаданың орташа көрсеткіштерінен (100 мың адамға 214 дәрігер) жоғары. Тәжірибелік қызметке кіріспестен бұрын, олар қатаң және ұқыпты тексерістен өтеді [5].

Қазіргі таңда медициналық туризм өте үлкен күшке ие болды, тіпті көптеген мемлекеттерде ұлттық экономиканың өзін елемейтін дәрежеге дейін жетті. Бір мезгілде әлемдік экономикада, халықаралық саясатта және халықаралық туризм бағыттарындағы жуырда болған түбегейлі өзгерістер соңғы үдерістердің жалғасуына қауіп төндіреді. Сондықтан, медициналық экономика мен болашақ денсаулық сақтау жүйесінің көзқарасы тұрғысынан медициналық туризмді көп өлшемді мақсатты талдау үшін уақыттың келгендігін нақты айтуға болады. Алайда, медициналық туризм туризм экономикасының жаңа саласы болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл олай емес. Басқа мемлекеттердің азаматтары (олардың ішінде көп бөлігі – бай және ауқатты таптың өкілдері), сонымен қатар, көптеген кедей тұлғалар діни және қайырымдылық ұйымдардың қолдауымен он шақты жыл бойы АҚШ-қа өздерінің мемлекеттерінде ала алмаған медициналық көмекті алуға келеді.

Шындығында, медициналық туризм саласындағы барлық тәжірибелік зерттеулер негізінен бағалық айырмашылықтарға назар аударады (мысалы, Канада шекарасы арқылы өткен дәрі-дәрмектер бірнеше долларға арзан, немесе бүкіл әлем бойынша Үндістанмен салыстырғанда бірнеше мыңдаған долларға қымбат болатын операциялар). Бағаның айырмашылығы елеулі болатындығы соншалықты, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту саласының американдық жоспарларында маңызды орынға ие медициналық қызметтердің кейбір түрлерін көрсету шиеленіскен жағдайға ұласады.

Айта кететін жағдай, «медициналық туризмнің» қаржылық аспектісі оны жүзеге асырудың айқындаушысы болып табылмайды – ақшаны үнемдеу жоғарыда келтірілген себептер бойынша шет елде медициналық көмекке жүгінетін емделушілер үшін мәселе болып табылмайды. Осыдан, медициналық туризмнің бұл типі («өзін-өзі қаржыландыру» деп айтса да болады) жоғалып

кетпейді, тіпті егер де шет елге шықпай-ақ «үйде» емделсе де экономикалық бәсекеге қабілетті болады.


Жаһандану шегінде көптеген мемлекеттердегі ұқсас медициналық көмектерді стандарттау үрдісі жалғасып келеді. Бәрінен бұрын, бұл шұғыл медициналық көмек көрсетудің стандарттарына қатысты. Әртүрлі мемлекеттерде жоспарлы терапевтік көмек көрсетудің, шетелдік турист үшін сол немесе басқа қызмет түрін таңдауына мүмкіндік беретін, өзінің ерекшеліктері бар. Емделушілер жоғарғы технологиялық медициналық көмек алу мақсатында саяхаттайды.

Кейбір жағдайларда шешуші экономикалық факторлар болуы мүмкін, егер жеке қызмет көрсету пакетінің құны басқаларынан өзегеше болса, мысалға, Үндістан, Сингапур, Таиланд үшін.

Медициналық туризм әртүрлі мемлекеттердің медициналық саясат саласындағы заңнамаларға сәйкес байланысты болуы да мүмкін. Мысалыға, манипуляция және емдеу шаралары бір мемлекетте рұқсат етулуі мүмкін, ал екінші мемлекетте қатаң тыйым салынуы да мүмкін («этикалық дилемма»). Жекелей алғанда, бұл бір жақты трансплантологияны қабылдауға да қатысты. Ең көп жағдайда «медициналық» турлар хирургия саласында медициналық көмек алуы үшін құрылған, соның ішінде – пластикалық, сонымен қатар – стоматология, репродуктология, дене мүшелері мен теріні алмастыру.

Соған сәйкес, мемлекетті, медициналық және сауықтыру мекемелерін, сонымен бірге, олардың қызметтерін таңдау мәселелері де артуда. Бүгінгі таңда ең танымал бағыттарды, медициналық және сауықтыру туризмінің дамыған индустриясы бар мемлекеттерді де ерекшелеп айтуға болады. Open Medical Informatics Journal жариялаған мақалаға сәйкес оларға: Азия (Малайзия, Таиланд, Сингапур және Гонконг), Батыс Еуропа (Польша және Венгрия), Жерорта теңізі мемлекеттері (Мальта және Кипр), Африка (әсіресе – Солтүстік Африка), Оңтүстік және Орталық Америка (Коста-Рика, Мексика, Бразилия және Куба) және Таяу Шығыс (Біріккен Араб Әмірліктері, Израиль және Иордания) (сурет 1) [6].

Әлемде бейрезидент-пациенттер ағынының ұдайы артуынан медициналық туризм тек денсаулық сақтау саласының өндірісіне ғана емес, сонымен қатар, туристік салаға әсер ете жылдам даму үстінде. Өз кезегінде, медициналық туризм қазіргі таңдағы денсаулық сақтау жүйесінің жаңа тұжырымдамасын тудырды.



Сурет 1. Медициналық туризмнің басты бағыттары
Ескерту – Мәліметтер [6] негізінде автормен анықталған

Өз елінде медициналық мәселені шешу мүмкіндігінің жоқтығынан, пациент заманауи және уақытылы тексеру мен емдеу шараларын ұсына алатын клиника, дәрігерлер мен елдерді іздестіре бастайды. Пациенттерге қызмет көрсетуді жақсарту және заманауи технологиялар есебінен медициналық туризм феномені жаһандық экономикалық бәсекелестік жағдайында медицинаның қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер

- 1 McKinsey&Company. The Road Ahead. New York: CII and McKinsey and Company, 2014. – P. 30.
- 2 Medical Tourism Statistics & Facts [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.patientsbeyondborders.com/medical-tourism-statistics-facts>
- 3 McKinsey&Company. Health Care in India: The Road Ahead. New Delhi: CII and McKinsey and Company, 2014. – P. 35.
- 4 Ковалева И.П. Анализ рынка медицинского туризма Израиля // Экономика и управление в XXI веке: тенденции развития – 2014. – № 19-2. –

C.108-114.

5 Медицинский туризм. Германия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://transmed-germany.com/articles/medicinskiy-turizm-germaniya>

6 Krista Wendt. Medical Tourism: Trends and Opportunities, University of Nevada: Las Vegas, 2012. – P. 31.

7 Марченко О.Г. Мировой медицинский туризм смещается в страны АТР. Аналитический обзор [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.science-education.ru/113-11205>

ГОСТИНИЧНЫЙ БИЗНЕС В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Уранхаева Ж.А.

Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева, магистрант
г. Астана, Республика Казахстан
e-mail: Zhibeka555@gmail.com

Научный руководитель: к.э.н., доцент Балгабаева В.Т.

Гостиничный бизнес является отраслью предпринимательской деятельности, которая реализовывает обслуживание различных типов и видов гостей, туристов, людей в основе, которой лежит принцип гостеприимства.

Гостиничные предприятия — это сознательно организованная, экономически независимое предприятие, различные с точки зрения технических услуг, юридические группы людей, материальные и финансовые средства, предназначенные для выполнения конкретной экономической деятельности в целях удовлетворения потребностей в области туризма, позволяющие максимизировать свою выгоду.

В современных условиях туризм стал важным социальным и экономическим явлением, оказывающим решающее влияние на экономику многих стран. Являясь выгодной и высокодоходной отраслью, туризм играет значительную роль в формировании валового внутреннего продукта, активизации внешнеторгового баланса, создании дополнительных рабочих мест и обеспечении занятости населения.

В перспективе положительные тенденции развития сферы туризма могут вывести Республику Казахстан в число 50 наиболее развитых стран мира, согласно стратегии развития «Казахстан-2030». На сегодняшний день, сфера туризма входит в семерку перспективных неэнергетических секторов страны и следует отметить, что индустрия гостеприимства является решающей частью эффективного развития рынка туристских услуг в Республике Казахстан.

В связи с повышением инвестиционной привлекательности Республики Казахстан в 90-е гг., волна деловых поездок из дальнего и ближнего зарубежья стала отправной точкой повышения привлекательности гостиничных хозяйств. Также история республики позитивно влияет на эффективность дальнейшей эволюции гостиничных хозяйств [1]. Среди них более 20 тысяч памятников